**МЫ МНОГО РАБОТАЛИ НАД РЕАЛИЗАЦИЕЙ ИНФРАСТРУКТУРНЫХ ПРОЕКТОВ. ЗА ЭТИ ГОДЫ БЫЛО ПОСТРОЕНО 2,5 ТЫСЯЧИ КИЛОМЕТРОВ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ. ТАКИМ ОБРАЗОМ БЫЛО ОБЕСПЕЧЕНО РАЗВИТИЕ СОБСТВЕННОЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ.**

Нурсултан НАЗАРБАЕВ,
Первый Президент Казахстана,
председатель Совета по управлению ФНБ «Самрук-Казына»




№41 (2649)
08/06/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА




## ГРУЗОПЕРЕВАЛОЧНЫЙ ТЕРМИНАЛ НА ДОСТЫКЕ

**4 июня текущего года на станции Достык осуществлен запуск многофункционального грузоперевалочного терминала по обработке транзитных грузов. Терминал «Dostyk Trans Terminal» принял первый контейнерный поезд сообщением КНР – Европа.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматинская область

Контейнерный поезд встречало руководство станции Достык, терминала «Dostyk Trans Terminal» и причастных служб.

На перегрузочном месте терминала подача 50 платформ с контейнерами весом 2 002 тонны осуществлялась двумя маневровыми локомотивами. Время подачи на терминал составило 60 минут, выгрузки на землю – 50.

– Запуск терминала – отличное подспорье для приграничной станции, ее пропускной способности, перегруз осуществился согласно всем правилам, качественно, без всяких проволочек, – отметил заместитель начальника станции Достык Максат Мамбеткулов.

Новый терминал предназначен для перевалки грузов и контейнеров с узкой на широкую колею, обеспечивает обработку и формирование маршрутных контейнерных поездов, выполнение складских и терминальных операций. В целях оказания полного спектра услуг клиентам ТОО «Dostyk Trans Terminal» на его территории организована работа «единого окна» по обработке перевозочных документов. На первом этапе мощность терминала составляет 80 тысяч контейнеров в год. В дальнейшем эксплуатационный грузооборот планируется довести до 330 тысяч контейнеров ежегодно.

*Фото Данияра БИМАШЕВА*

## ҚТЖ 100 ЖАС ЕСІМ: ТАБЫС ТЕТІГІ

**Екінші жыл қатарынан жүзеге асып жатқан «ҚТЖ 100 жас есім» жобасы шеңберінде болашақ жас мамандарды іріктеу барлық құрылымдық бөлімшелерде жүргізілді.**

Бүгінгі таңда жас теміржолшылар кәсіби білімдері, дағдылары, іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау нәтижелері бойынша іріктеліп, кейіннен басшылық лауазымдарға ұсыну үшін компанияның кадрлық резервіне енгізілген.

Жобаға қатысушылар қатарында Жомарт Мырзабеков пен Ержан Келдібаев бар. 30 жастағы Жомарт Мырзабеков осы жылдың сәуір айында Павлодар магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Екібастұз жол дистанциясының бастығы болып тағайындалды. Ол М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясын және Қазақ қатынас жолдары университетін бітірген. Еңбек жолын Астана жол дистанциясында жол монтері болып бастаған.

Ал Ержан Келдібаев осы жылдың мамыр айында Павлодар локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары қызметіне жоғарылады. Оған дейін жас маман Екібастұз локомотив пайдалану депосының өндірістік қауіпсіздік және экология секторының бастығы болды. Ол академик Қ.Сәтпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтын және Омбы мемлекеттік қатынас жолдары университетін бітірген. Темір жолдағы алғашқы тәжірибесін «Локомотив 2030» ЖШС – «Екібастұз локомотив депосында» электровоздарды жөндеу жөніндегі инженер-технолог болып бастаған.

Қазіргі таңда «ҚТЖ 100 жас есім» жобасының қатысушылары оқудың екінші жылын өтіп жатыр, онда олар ішкі жаттықтырушылардың құзыреттіліктерін дамытып, ағылшын тілін үйренуде. Жоба компанияның екі басты корпоративтік құндылығы – көшбасшылық және өршілдік шеңберінде іске асырылуда.

*Ислам ТАЛҒАТ*



**Канат КОБЕСОВ,**
заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»

**ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ЯВЛЯЕТСЯ БИЗНЕС-ВЛАДЕЛЬЦЕМ 43 ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ, КОТОРЫЕ ПОЗВОЛЯЮТ УПРАВЛЯТЬ ВНУТРЕННИМИ И ВНЕШНИМИ ПРОЦЕССАМИ НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА. С ПОМОЩЬЮ ИТ-СИСТЕМ РАЗРАБАТЫВАЕТСЯ ГРАФИК ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ, ВЕДЕТСЯ УЧЕТ РАСХОДА ТОПЛИВНО-ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ РЕСУРСОВ НА ТЯГУ ПОЕЗДОВ, ФОРМИРУЕТСЯ ПЛАН ПЕРЕВОЗОК И В ЦЕЛОМ ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТ СТАНЦИЙ, ЛОКОМОТИВНЫХ И ВАГОННЫХ ХОЗЯЙСТВ И ДРУГОЕ**

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ АЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДА
**7 000 000**
ТОННАДАН АСТАМ ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ

АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫНДА БИЫЛҒЫ ҚАҢТАР-СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА
**1 200**
ТОННАДАН АСТАМ ЖҮК ТИЕЛГЕН.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ТРАНСКАСПИЙЛІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒДАРЫ БОЙЫНША ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК КӨЛЕМІ
**783 000**
ТОННАНЫ ҚҰРАҒАН

### Тренинг

## SOFT SKILLS бағдарламасымен білім жетілдірді

**Ақтөбеде «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» аймақтық филиалы және НЖС-11 магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлері қатысқан екі күндік тренинг өтті.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Оған Батыс аймақтық жолаушылар тасымалы бөлімшесінің пойыз және телім басшылары, өндірістік нұсқаушылар, вокзал бастықтары мен кезекшілері, Магистральдық желі дирекциясының Ақтөбе филиалы HR қызметінің қызметкерлері қатысып, Soft skills бағдарламасымен жеке өсудің өзіндік әліппесін және қызмет көрсету саласындағы сервистің элементтерді меңгеріп, сертификаттарға ие болды.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ HR бизнес-серіктесі Алма Саулебаева ұйымдастырған екі күндік білім жетілдіру тренингі тәжірибе алмасумен қатар күйзеліске төзімділік, жолаушымен байланыс, жанжалды басқара білу шеберлігі, тиімді коммуникация ерекшеліктері мен жемқорлықпен күрес тақырыптары түсіндірілді. Қарапайым тілде даярланған оқыту бағдарламасын аудитория жеңіл қабылдады. Тренер мен қатысушылар арасында жиі диалогтық байланыс болып, түрлі жаттығулар ұйымдастырылды.

– «Жолаушылар тасымалы» компаниясында жыл соңында аттестация өтті. Жаңа басшылар сервистік қызмет сапасын жақсартуға күш салуда. Аттестация кезінде учаске бастықтары, өндірістік оқыту нұсқаушылары мен пойыз басшыларының білім деңгейі сараланды. Пойыз басшысы жолаушымен байланыстың жоғары деңгейін орната алуы керек. Күйзеліске төзімділік пен түрлі ситуациялық жағдайдан шыға алу шеберлігі маңызды. Сондықтан біз осындай семинарлар өткізуді қолға алдық», – дейді «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бизнес-серіктесі Алма Тұрарқызы.



Бүгінде еліміздегі «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметінде барлығы бес мыңнан аса жолсерік бар. Сервистік қызмет көрсету сапасының деңгейі жолсеріктер кәсібилігіне тікелей байланысты. Пойыз басшылары мен жолсеріктердің, вокзал бастықтары мен кезекшілерінің мұндай семинарларға қатысуы қарапайым қатынас арқылы сапалы қызмет түрін қалыптастыратыны сөзсіз. Компания бүгінде вагон паркін жаңартуға күш салды. Жолаушылар вагондары жұмсақ әрі таза төсек-орын жабдықтарымен жаңартылды. Жолаушылар пойыздарының клинингі және санитарлық-гигиеналық құралдармен жабдықталуы жөніндегі стандарт бекітілді.

«Осылайша жолаушы тасымалы қызметінің сапасы көтеріле береді деп сенеміз. Қазір тренинг өткізетін өзіміздің сертификатталынған ішкі тренерлер бар. Олардың бәрі де теміржол саласында жұмыс істеп жүрген тәжірибелі теміржолшылар. Саланы жақсы біледі. Теміржолшылармен қалай сөйлесуді, олардың бүгінгі жеткен деңгейін біледі. Бұл да өтетін тренингтердің сапасын жақсартады деп сенеміз. Байқағанымыздай, біздің әріптестеріміздің көпшілігі тренингке көп қатыспаған. Кейбір адамдар тіпті бірінші рет келіп отыр», – дейді Алма Саулебаева.

Компанияда қосымша білім жетілдіру мақсатында стандарт бойынша видео сабақтар дайындалды. Қазірдің өзінде дайын түрде ұсынылған екі видео ролик жолсеріктердің оқу құралына айналып үлгерген. Ал семинардан алған әсерлерімен бөліскен теміржолшылар болашақта осындай семинарлардың көбірек болғанын қалайды.

Екі күндік семинар-тренингке қатысқандар жағымды әсер алғанын жасырған жоқ.

«Адаммен қарым-қатынасты, сабырлықты, өз кемшіліктерімізбен жұмыс істеуді үйрендік. Әр нәрседен ләззат ала білу керектігін түсіндік. Біз үнемі пойызда жүргендіктен жолаушылардың психологиясын, жағдайын біліп қана қоймай, түсінуіміз де қажет», – дейді №77 «Маңғыстау-Алматы» жолаушылар пойызының басшысы Жасұлан Ержанов.

Семинар-тренинг кезінде теміржолшыларға психологиялық кітаптарды оқуға кеңес берілді. «Егер әр адам күніне кітаптың 7-10 парағын оқып шығатын болса, ол адам жылына 20 кітап оқиды екен. Ал егер адам жылына ең кемі 20 кітап оқымаса, онда ол өзінің дамуын 6 жылға тежейді деген тұжырым бар. Халықпен сөйлесетін адам әрдайым өзін дамытып отыруға тиіс», – деді тренер.

Сонымен қатар, болашақта жолаушылар тасымалы қызметі үш тілде қызмет көрсетуге дайын болу қажеттігі де айтылды. Қазіргі дамыған заманда тіл білетін, жан-жақты білімді маманның жолаушымен байланысы да жеңіл болатыны сөзсіз.

*Суретті түсірген автор*

## ИТОГИ И ПЛАНЫ

**На общем собрании Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» подвели итоги работы с начала года и внесли изменения в состав президиума союза.**

Мероприятие прошло в режиме «онлайн». Озвучив повестку дня, заместитель председателя СТК «KAZLOGISTICS» Юрий Лариненко отметил, что основная цель – избрание нового председателя союза в связи со сложением полномочий председателя Саурата Мынбаева.

Единогласным решением общего собрания на эту должность избран председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев.

Генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов проинформировал участников об итогах работы за четыре месяца 2021 года. За этот период всеми видами транспорта перевезено 1 077 миллионов тонн грузов, что на 2,2% меньше, чем за аналогичный период прошлого года. На 1,5% снизился грузооборот, а пассажирооборот упал на 60%.

– Вместе с тем наблюдается рост объема перевезенных грузов железнодорожным транспортом – на 3%, – отметил Ерлан Абсатов. – Объем транзитных перевозок за четыре месяца вырос на 4,1%, контейнерных – на 52%.

Для решения проблем предприятий транспортной отрасли, продвижения мер поддержки в госорганах KAZLOGISTICS провел заседания рабочих групп по видам транспорта, на которых выработаны соответствующие предложения. Однако не все они были поддержаны. Так, в связи с изменением системы планирования в РК остается непонятным дальнейшая судьба Комплексного плана развития транспортной отрасли до 2030 года.

Участники отметили, что общее состояние транспортной отрасли требует кардинальной модернизации транспортной инфраструктуры, обновления и пополнения парка подвижного состава практически во всех отраслях транспорта.

*Роман ЛЮБИМОВ, Нур-Султан*

№41 (2649) 08/06/2021

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – БОРЫШЫМЫЗ!

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

ЭКОЛОГИЯ

**5 маусым – Халықаралық қоршаған ортаны қорғау күні. Сол күні елімізде Эколог күні де аталып өтеді. Үстіміздегі жылдың 4 маусымында осы атаулы күндер құрметіне арналған онлайн-конференция өтіп, оған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының экологтары да қатысты.**

Семинар барысында спикерлер 2021 жылғы 1 шілдеде күшіне енетін жаңа Экологиялық кодекстің нормалары мен талаптарын түсіндіріп, теміржолшылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмысты іске асыру барысы және әлемдік сипаттағы өзекті экологиялық проблемалар туралы баяндамалар жасады. Семинардың ашылу салтанатында сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырев, бүгінде экологиялық проблемалар ең маңызды мәселелердің қатарында тұрғанын және ол бүкіл әлемнің әл-ауқат деңгейін айқындайтынын атап өтті.

«Адамзат өзінің дамуында қоршаған ортаны нақты іс-әрекеттерімен құтқаруды және сақтауды қажет ететін кезең шегіне жетті.Сондықтан біз барлығымыз практикалық іс-әрекетке неғұрлым белсенді аралассақ, оны болашақ ұрпағымыз үшін сақтау мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады»,– деді ол.

Ал Компанияның Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Асхат Сариев темір жолда экология мәселелеріне айрықша назар бөлініп, қоршаған ортаға теріс ықпалды төмендету, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында нақты шаралар іске асып жатқанынан хабардар етті.

«Компания өзінің әртүрлі қызметтеріне цифрлық технологияларды дендеп енгізіп жатыр. Мұндай жетістікті біздің саладан да байқауға болады. «Өндірістік қауіпсіздік» біріктірілген жүйесіне «Экологиялық қауіпсіздік» модулі енгізілді. Оның үлкен функционалы бар және ол экологиялық қызметті цифрландырудың негізгі құралы болып табылады. Компанияның экологтар командасы бұл құралдарды белсенді пайдаланып, модульдің дамуына ықпал етуде», – дейді Асхат Сариев.

Бұдан кейін алдағы шілде айының 1-інен бастап күшіне енгелі отырған жаңа Экологиялық кодекстің нормалары мен талаптары туралы Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Сағат Қабиев баяндама жасап, ҚР Экологиялық кодексінің жобасы негізге алып отырған 10 қағиданы атап өтті. Атап айтқанда, олар алдын алу, түзету, сақтық, пропорционалдық, «ластаушы төлейді», тұрақты даму, интеграция, экологиялық ақпараттың қолжетімділігі, қоғамдық қатысу және экожүйелік тәсілдеме қағидалары.

«Бүгінгі таңда біздің компанияда табиғатты қорғау қызметіне қоршаған ортаны қорғау саласындағы 300-ден астам маман жауапты. Олардың әрқайсысы кәсіпорындардағы экологиялық қауіпсіздікті қолдау және жақсарту бойынша күн сайын ауқымды жұмыс атқарып келеді, сондай-ақ әрбір қызметкерге қоршаған ортаға қамқорлық жасау біздің ортақ борышымыз екенін жеткізу – маңызды міндет. Қоршаған ортаны қорғау күні сізге де ортақ жалпы мереке болмақ. Қоршаған ортаны қорғау неден басталады? Супермаркетте пластикалық пакеттен бас тартып, ЭКО сөмкелерді қолданудан, қалдықтарды бөлек жинап, қоқысты қайта өңдеуге тапсырудан, ағаш отырғызудан, көлемді қоқысты айтпағанда, ұсақ-түйек қалдық, қағаз, целлофан, пластикалық бөтелкелерді далаға тастамаудан, үйді тазартудың «жасыл» тәсілдеріне қызығушылық танытудан басталады», – деп түйіндейді сөзін Сағат Қабиев.

Семинар барысында қатысушылар қоршаған ортаны қорғау тақырыбына қатысты арнайы әзірлеген сұрақ-жауап сипатындағы интерактивті ойындарға қатысып, білім-біліктіліктерін сынады.

## ТЕКСЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Шымкент

НӘТИЖЕ

**Шымкент жол дистанциясында көктемгі комиссиялық тексеру кезінде 60 өндірістік ғимарат тексерілді. Олардан 39 кемшілік табылып, 14 мамырға дейін соның 63% жойылды.**

Тексеру барысында табылған өндірістік ғимараттардағы кемшілікті жоюға қажет ағаш, темір қаңылтыр, руберойд, линолеум, кірпіш, шыны, тт секілді материалдар есебі жасалды. Сонымен қатар, машиналар мен механизмдерді тексерудің де қорытындысы шықты. Дистанцияда 4 ауыр типті машина жұмыс істейді.

Жалпы, Шымкент жол дистанциясында 23 автомашина бар. Машина механизмдерінен табылған 35 кемшіліктің 14 мамырға дейін 27-сі жойылған. Дистанция инженері Дана Умирбаеваның айтуынша, машиналар мен механизмдердің биылғы жаз уақытында қалыпты жұмыс істеулері үшін САК-3112 дәнекерлейтін агрегат, гидравликалық ажыратқыш құрылғы, ДГП-8 гидравликалық домкраттар, рельс кесетін станок «Жейсмар» К 1250, электрлі ажарлаушы «Жейсмар» МТХ 350, рельс тесетін станок «Жейсмар» PR-7, ағаш тесетін электрлі аспап, жол ығысуын түзейтін гидравликалық құрылғы, рельстің температуралық режимін реттеуге қолданатын гидравликалық пресс, тағысын тағы қажетті материалдар, машина-механизмдермен қамтамасыз етуді сұрап жол және құрылыс департаментіне тиісті құжаттар жіберілген.

Барлық жол шеберлері көктемгі тексеру барысында анықталған кемшіліктерді арнайы жасалынған күнтізбелік жоспарға және іс-шараға сәйкес уақытында орындауды міндетіне алды.

# АҒАШ ШПАЛДАР АУЫСТЫРЫЛЫП ЖАТЫР

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Қайдауыл станциясында жол табанын сауықтыру жұмыстары қызу жүруде. Станцияның екінші жолында ширек ғасыр қызмет еткен ағаш рельстер алынып, орнына отандық темір-бетон рельстер төселіп жатыр. Осы жазда 8 шақырым жол күрделі жөндеуден өтеді деп жоспарланған.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе-Қайдауыл



«ҚТЖ» ҰК» АҚ аумағындағы жол жөндеу жұмыстарын міндетіне алған «Теміржол жөндеу» ЖШС мекемесінің Ақтөбе ПМС филиалы биыл 86 шақырым теміржолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Күрделі жөндеу жұмыстары наурыз-сәуір айларында Маңғыстау аймағынан басталып, кейін Шалқар жол дистанциясының аумағында жалғасты. Міне, енді Қайдауыл теліміндегі ширек ғасыр жатқан ағаш шпалдар ауыстырылып жатыр.

«Теміржол жөндеу» ЖШС Ақтөбе ПМС филиалының директоры Марат Дадабаев Қайдауылдағы күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан аумақты аралатып, жасалып жатқан жұмыстармен таныстырды.

«Қайдауыл телімінің екінші бас жолына толықтай күрделі жөндеу жұмыстары жасалынады. Бұл жердің ұзындығы 1200 метр. Жолды 48 сағатқа жауып, жөндеу жұмыстарын жасаймыз. Ескірген ағаш рельстерді алып, бетон рельстер төсеп жатырмыз», – дейді Марат Дадабаев.

Жөндеу жұмыстарына жүзге жуық жұмысшы жұмылдырылған. Жөндеу жұмыстарына қажетті барлық техника бар. Ауыр техникалар жұмысын басқарып жүрген Еркін Төлеубаев ұзақ жыл кран машинисі болып еңбек еткен. Соңғы үш жылда ауыр техникалардың шебері қызметінде жүрген маманның қарамағында қазір 60-қа жуық машинист бар. Ауыр техникалардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қадағалап жүрген маман өз ісін бес саусақтай меңгергені оның батыл іс-қимылынан байқалады.

Құрылыс басынан жоласты кабельдерінің қауіпсіздігін бақылап жүрген белгі беру және байланыс дистанциясының қызметкерлерін де кездестірдік. Мамандар күрделі жөндеу жұмыстары кезінде кабельдерге зақым келмеудің алдын алуда.

«Барлық кабель жолдың астынан өтіп жатыр. Әр жолдың астында қондырғыларымыз бар. Жөндеу кезінде ауыр техникамен жүргенде кабельдерді кесіп кетпеу үшін 1 метрге дейін тереңдетеміз. Бағдаршам, бұрма жолдардағы қозғалысты реттейтін кабельдерде ақау болмау үшін қадағалаймыз. Кабель кесілсе кідіріс болады», – дейді Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясы басшысының орынбасары Елубай Бақтыбай. Биыл дистанцияда 500 метрден екі кабель ауыстыру жұмыстары жүрген.



Жасалынған жұмыстың тиянақтылығын қарап, қабылдап алу жұмыстарына жауапты Біршоғыр жол дистанциясының басшылық құрамы да осында жүр.

«Биылғы жылы дистанцияда барлығы 26 км жолға жөндеу жұмысы жүруі керек. Оның ішінде осы Қайдауыл бекеті, Қайдауыл-Ұлпан бекетіндегі тақ жолға күрделі жөндеу жүреді. Қозғалысты ашып, қауіпсіздікке жауап беретін біз болған соң салынған жолды дұрыстап қабылдап алуымыз керек. Жұп жолда барлығы 8 км жерге жол жөндеу жұмыстары жүреді», – дейді Біршоғыр жол дистанциясы басшысының орынбасары Рақымжан Қосанов.

Негізгі жұмыстар жоспарға сай ағаш шпалдардың тозуына байланысты жылдамдық азайтып кеткен тұстарда жасап жатыр. Жалпы Біршоғыр жол дистанциясы аумағында 60 км жерде ағаш шпал жатыр екен. Жыл сайын кезең-кезеңмен оларды темір-бетонға ауыстыру жүргізілмек.

Өңірде күрделі жөндеу жұмыстары кесте бойынша қыркүйекке дейін жалғасады. Жол жөндеушілер Қайдауыл басындағы күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған соң Қандыағашқа өтеді.

*Суреттерді түсірген автор*

## Конференция

# АВТОТЕЖЕГІШ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛДЫ

**Сексеуіл локомотив пайдалану депосы автотежегіштер тақырыбына арналған конференция өткізді. Іс-шара барысында автотежегіш жабдықтары бойынша орын алған оқиғалар мен жеделхаттар таныстырылып, үздік локомотив бригадалары марапатталды.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

Тежегіш жабдықтарында кездесетін кемшіліктер мен ақаулардың алдын алу жайы көтеріліп, шешімін таппай жүрген сұрақтар ортаға салынды. Сексеуіл локомотив пайдалану депосының бастығы Жангелдин Түрединов автотежегіш жұмысындағы кемшіліктер, олардың алдын алу және сапарда кездесетін олқылықтарды тездетіп жою жұмыстары жөніндегі мәселелерді бірге талқылауға шақырды. Аға машинист нұсқаушының міндетін атқарушы Асылхан Ибрагимов 2020 жылдың соңғы айлары мен 2021 жылдың мамыр айы аралығында «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС көлемінде және осы Қызылорда жол бөлімшесі аумағында тежегіш жабдықтары кемшіліктерінен болған пойыздар қозғалысындағы кедергілерді мысалға келтірді. Алдын алу мақсатында техникалық жабдықтарға қызмет көрсету кезінде барынша мұқият болып, қызметкерлердің сапалы жұмыс жасауына бақылауды күшейте түсу қажеттігін айтты.

Ал оқыту жөніндегі нұсқаушы Мұхтар Игіліковтің айтуынша, тежегіш туралы конференцияны өткізудегі басты себеп – осы жабдықтардың ақаусыз жұмыс жасап, кемшіліктердің алдын алуға атсалысуға шақыру.

– Тежегіш жабдықтарының өз деңгейінде ақаусыз жұмыс жасауы осы жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуші вагон және тепловоз жөндеушілер, сонымен қатар оны пайдаланатын локомотив бригадаларының білімі мен тәжірибесіне байланысты болады. Сондықтан кәсіби білімді ұдайы жетілдіріп, қиындықтан шығу жолдарын білуге ұмтылуымыз керек және кез келген кемшілікті кішкентай деп елеусіз қалдыруға болмайды. Себебі ол үлкен оқиғаның туындап кетуіне себеп болады. Тепловозды құрамға тіркеу кезінде тежегішті пайдалану жөніндегі №1109-ЦЗ бұйрығының 57-тармағына сай вагон қараушы құрам басында болып, бірінші вагонның автотіркегішінің жарамдылығына, ондағы ағытқыш механизм рычагының дұрыс тұрғанына көз жеткізуі керек. Сол қызметкердің бұйрығымен машинист тепловозды жайлап 3 шақ/сағат жылдамдықтан асырмай келіп тіркейді. Машинист автотіркегіштің дұрыс тіркелгеніне көз жеткізу мақсатында жүк құрамаларында тепловозды кейін қарай қозғалтып, тартып көруі тиіс , – дейді М.Игіліков.

Жасыратыны жоқ, кейінгі кезде жолда құрамаларда тежегіш жабдықтарының ақаулықтары жиі кездесетін болып жүр. «Әсіресе ауа бөлгіш ақаулықтары жиі кездеседі. Әрине бұған вагон жабдықтарының көнергендігі, кепілдік мерзімі ұзарғандығы себеп деген уәж бар. Сондай кезде қиындықтан тездетіп шығу үшін №665 ЦЗ бұйрығына сай техникалық қобдишаны пайдалану керек. Қазіргі таңда өзге деполардан келген тепловоздарда осындай қобдишалар мен құрал-саймандар толық емес. Одан бөлек ақаулы ауа жеңдерін алмастыру кезінде қиындықтар туындап, кемшілікті жою уақыт алады. Сондықтан өзге бөлімшелердегі нәтижелі жұмыстарды ескере отырып, техникалық қобдишаны құрама тежегіштерін тексеруді жүргізу кезінде вагон қараушылардың өздері беріп, қызмет көрсету аумағында алып қалып отырса жөн. Бұл бір жағынан аталған қобдиша бөлшектерінің жоғалмай, сол күйінде ұзақ сақталуына да септік етеді», – дейді оқыту жөніндегі нұсқаушы.

> **КЕЙІНГІ КЕЗДЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДАРДА АВТОТЕЖЕГІШ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ АҚАУЛЫҚТАРЫ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІНІ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. «ӘСІРЕСЕ АУА БӨЛГІШ АҚАУЛЫҚТАРЫ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. ӘРИНЕ, БҰҒАН ВАГОН ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ КӨНЕРГЕНДІГІ, КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ ҰЗАРҒАНДЫҒЫ СЕБЕП ДЕГЕН УӘЖ АЙТЫЛАДЫ» ДЕЙДІ МАМАН.**

ВЧД-60 нұсқаушысы Дастан Қарабековтің айтуынша, қазіргі таңда вагон шаруашылық мекемелеріндегі құрамалардың жолда тежегіш жабдықтары ақаулықтарынан тоқтауы өткен жылмен салыстырғанда 2-ге көбейген. Оған негізінен ауа бөлгіштердің ішкі ақаулықтарынан тежегіштің ұстап қалуы, босатпауы себеп болып отырғанын тілге тиек етті. Сонымен қатар ол жолда кездесетін қиындықтардан шығу кезінде локомотив бригадалары тарапынан жасалып жатқан жұмыстарға тоқталып, оларға алғыс айтты. Дегенмен кей жағдайда ақпарат дұрыс берілмей, болған жайдың нақты анықтап алмай айтылуы салдарынан құрамаларға берілетін көмектің кештетіп жететінін де жеткізді. Сол себепті ол локомотив бригадаларын ақпаратты беру кезінде барынша мұқият болуға шақырды. Ал Сексеуіл вагон пайдалану депосы ТҚКҚ басшысының міндетін атқарушы Болат Дербісов кемшіліктерді анықтауда және оларды жоюда әлі де атқарылатын жұмыстар бар екенін, сондықтан техникалық сабақтарды барынша толық өткізіп, бірлесіп жұмыс жүргізу қажет екенін айтты.

# ТРОЙКА ЛИДЕРОВ ПОГРУЗКИ

ПЕРЕВОЗКИ

**В Костанайском отделении грузовых перевозок перевыполнили план погрузки по трем основным номенклатурам.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Наибольших успехов железнодорожникам удалось добиться в отгрузке цветной руды, зерна, и продуктов перемола. Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по логистике Ерден Аманов, по итогам майской отгрузки, всего по отделению было погружено 43 399 вагонов, или 2 миллиона 905,6 тысячи тонн. В среднем в сутки отгружалось 1 400 вагонов.

В том числе по основной номенклатуре: цветной руды при плане погрузки на месяц 9 454 вагона фактически погружено 11 199 вагонов, что выше плана на 115,7 тысячи тонн. В результате, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, увеличение составило 31,9 тысячи тонн. Зерно при плане погрузки на месяц 1 395 вагонов – 2 357 вагонов, что выше плана на 69,5 тысячи тонн. К аналогичному периоду прошлого года погрузка зерна увеличена на 57,3 тысячи тонн. При плане погрузки продуктов перемола на месяц 67 тысяч тонн фактически отгружено 89,6, то есть выше плана на 22,6 тысячи тонн. К аналогичному периоду прошлого года погрузка увеличена на 16,9 тысячи тонн.

– Мы продолжаем работу по отгрузке, – говорит Ерден Аманов. – Наша цель – неуклонно наращивать ее объемы, особенно по основным номенклатурам.

# ЛУЧШЕЕ ПРЕДПРИЯТИЕ В РЕГИОНЕ

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

**Бескольская дистанция пути по итогам прошлого года признана лучшей среди дистанций пути республики. Уникальность ее состоит еще в том, что здесь эксплуатируются 6 пар рельсовых плетей бесстыкового пути, самая длинная в стране – 23 километра – с новейшим типом скрепления «Фоссло»**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматинская область

В данное время дистанция пути обслуживает участки направлением Актогай – Бесколь, Бесколь – Достык. Основные задачи – содержание всех элементов железнодорожного пути в технически исправном состоянии, обеспечение безопасного, бесперебойного движения поездов с установленными скоростями.

Небольшой экскурс в историю: в пятидесятые годы прошлого столетия тесно налаживалась связь между СССР и Китайской Народной Республикой, что и послужило планированию и постройке железнодорожной магистрали, созданию и развитию станции Дружба на государственной границе. В июне 1959 года образовалась Бескольская дистанция пути, в это же время на участке Актогай – государственная граница шло активное строительство железнодорожного пути. Созданное предприятие ПЧ-66 относилось к отделению временной эксплуатации дороги с дислокацией на станции Актогай.

Сегодня дистанцию возглавляет Мырзахан Какенов, имеющий 35-летний опыт работы в путевом хозяйстве, воспитавший не одно поколение специалистов среднего и младшего звена, по итогам прошлого года получивший звание лучшего руководителя предприятия.

– Успешность и стабильность любого предприятия зависит от эффективности работы сотрудников, поэтому мы стараемся удерживать наши позиции и работать со знаком плюс, – говорит он.

Стоит отметить профессиональную работу главного инженера Айдара Айдаралиева и заместителя дистанции Болата Байшанова, умеющих наладить прочный контакт со смежными службами, надзорными органами, местными исполнительными и



правоохранительными органами.

В состав Бескольской дистанции пути входит 16 линейных участков и 13 раздельных пунктов. Средняя грузонапряженность по дистанции на километр в год – 22,29 миллиона тонно-километров брутто. Эксплуатационная длина путей – 307,5 километра, а развернутая – 460,3. Количество стрелочных переводов – 386, в том числе на железобетонном основании – 48, имеется 23 переезда, охраняемых – 4, неохраняемых – 19.

**В СОСТАВ БЕСКОЛЬСКОЙ ДИСТАНЦИИ ПУТИ ВХОДИТ 16 ЛИНЕЙНЫХ УЧАСТКОВ И 13 РАЗДЕЛЬНЫХ ПУНКТОВ. СРЕДНЯЯ ГРУЗОНАПРЯЖЕННОСТЬ ПО ДИСТАНЦИИ НА КИЛОМЕТР В ГОД – 22,29 МИЛЛИОНА ТОННО-КИЛОМЕТРОВ БРУТТО. КОЛИЧЕСТВО СТРЕЛОЧНЫХ ПЕРЕВОДОВ – 386, В ТОМ ЧИСЛЕ НА ЖЕЛЕЗОБЕТОННОМ ОСНОВАНИИ – 48, ИМЕЕТСЯ 23 ПЕРЕЕЗДА, ОХРАНЯЕМЫХ – 4, НЕОХРАНЯЕМЫХ – 19.**

Средняя балльная оценка состояния пути по дистанции выполнена. При плане 65 выполнение составило 37 баллов. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года уменьшилось количество отступлений и неисправностей.

Климатические условия на этом участке сложные, особо это ощущается с ноября по апрель, когда на перегоне Коктума – разъезд №16 наблюдаются ветра, достигающие до 48 м/сек. Опасными считаются километры с 220-го по 235-й, где есть большая опасность слета вагонов (контейнеров) и впоследствии ограничения скорости движения поездов. Здесь экспериментально установлены ветрозащитные ограждения для снижения силы ветра до 15 м/сек. В текущем году АО «Транстелеком» планирует установку двух стационарных метеостанций для корректного учета силы ветра.

В нынешнем году проводится капитальный ремонт пути на перегоне Бесколь – Жайпак-Акши с 143-го по 190-й километр. Проводится замена железнодорожного пути на деревянных шпалах рельсовыми плетями бесстыкового пути. По результатам проведенных летне-путевых работ ежегодно скорость движения поездов достигает 120 км/час.

В рамках программы увеличения пропускной способности станции Достык и участка Актогай – Достык планируется сплошная замена шпал и скреплений с укладкой плетей бесстыкового пути по колее 1435 мм на перегоне Достык – госграница в объеме 9,9 километра, кроме того на участке пути с 226-го по 242-й километр перегона Коктума – разъезд №16 планируют заменить старогодние рельсовые плети бесстыкового пути на новые, устройство ветрозащитного сооружения длиной до 15 километров.

Разработана проектно-сметная документация на строительство второго пути на перегоне Достык – разъезд №19 и трех приемоотправочных путей на этом разъезде, устройство блок-поста на перегоне разъезд №19 – Достык с укладкой двух приемо-отправочных путей с переустройством нечетной горловины парка «А» станции Достык.

Также на станции Достык планируется строительство двух путей в парке «Д» по колее 1435 мм, модернизация парка «Т» в 2 этапа, удлинение и строительство дополнительных приемо-отправочных путей на разъезде №2, станциях Сарыкум, Сайкан, Бесколь и Акши.

Коллектив дистанции пути прилагает максимум усилий в стратегическом развитии приграничной станции Достык, обеспечении качественного содержания пути, устройств и сооружений для бесперебойного транспортного потока и продления сроков службы элементов пути, удерживая позиции лучшего предприятия в регионе и стране.

*Фото автора*

# ИМ ВСЕ ПОД СИЛУ

**В Акадырской дистанции электроснабжения ежедневно ведется работа, направленная на улучшение содержания технических средств, повышение надежности и качества электроснабжения железнодорожных потребителей, что напрямую связано с движением поездов.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Сегодня дистанцией руководит Нурсултан Бурлинов, вошедший в список «100 молодых лиц ҚТЖ» 2019 года. Он также является обладателем дипломов 1-й и 2-й степени «Молодой энергетик».

Перспективный руководитель собрал команду из числа молодых единомышленников, чья работа напрямую связана со становлением стратегического развития Центрального региона. Так, в прошлом году работниками Акадырской дистанции электроснабжения в целях обеспечения пропускной способности длинносоставных поездов на участке Саяк – Мойынты и на трех раздельных пунктах – Акжайдак, Ащызек, Тагынкара – были удлинены приемоотправочные пути до полезной длины на 1 350 метров и реконструированы пути №22а, 23а, 24а северного парка станции Мойынты.

По словам Нурсултана Бурлинова, в своей работе сотрудники применяют передовые методы и новые производственные технологии.

– За последние десять лет на дистанции произведена модернизация ОРУ-110/35/27,5/10 кВ тяговой подстанции Босага с заменой всего оборудования на современные аналоги поставки фирмы Siemens, выполнена работа по замене несущего троса контактной подвески марки М-95 на ПБСМ-95 по всему главному ходу Дария – Мойынты (217 км), – рассказывает он. – На станциях Акадыр, Жарык, Жанаарка 214 станционных светильников заменены на современные светодиодные приборы. В этом году планируется замена 207 светильников на станциях Мойынты и Балхаш.

С момента электрификации главного хода на участке Караганда – Мойынты в 1981 году была проделана большая работа по реконструкции железнодорожных узлов, заметно возрос потенциал энерговооруженности по титулу вторых путей участка Мойынты – Жарык.

Со временем претерпел изменение и структурный вид подразделения – добавилось 6 дистанций контактной сети, 6 тяговых подстанций, энергодиспетчерский аппарат, изменились границы обслуживания, модернизирован участок Жарык – Дария, возрос объем переработки электроэнергии на подстанциях.

Высокая производительность труда, инициативность и работоспособность коллектива дала свои плоды – в 2015 году Акадырская дистанция электроснабжения победила в номинации «Лучший филиал по организации рационализаторской деятельности» и награждена дипломом ЦНТИ и НОД-4 Караганда.

Сотрудники предприятия изо дня в день демонстрируют высокую производительность труда. Благодаря им дистанция держит марку и находится на передовых позициях, проявляя свою работоспособность и мощный потенциал.

Фото автора

# ЧИСТО И ЭКОЛОГИЧНО

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

АКЦИЯ

**Акции в рамках Года экологии прошли в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22). Это «Бірге таза темір жол», «Посади дерево», субботники по благоустройству территории предприятия.**



– 2021 год в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» объявлен Годом экологии. В рамках акций работники депо проводили уборку территории, посадку деревьев, очистили территорию на 300 квадратных метрах, посадили 20 саженцев яблони и ели, 60 штук рассады различных цветов, – рассказала ведущий инженер по охране окружающей среды Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Куралай Матикеева.

Руководство предприятия, начальник ТЧЭ-22 Ермек Смагулов также активно участвовали в акциях.

Экологические мероприятия прошли не только в Усть-Каменогорске, но и в структурных подразделениях Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, на станциях Кумыстау, Шемонаиха.

По словам Куралай Матикеевой, с начала года на основании договора предприятие сдало ИП в Усть-Каменогорске пластик и макулатуру для утилизации.

Кстати, в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо подготовили видеоролик, в котором показали свои акции в честь Года экологии, которые прошли слаженно и с реальной пользой.

*Фото Куралай МАТИКЕЕВОЙ*



# К СЕЗОНУ ПОЖАРОВ ГОТОВЫ

**Анна МАРЬИНА,**
Уральск

УЧЕНИЯ

**На полосе отвода вдоль железнодорожного полотна на перегоне станция Белес – разъезд Кордон участка Уральск – Семиглавый Мар загорелась сухая трава на площади 0,5 гектара.**

Таков сценарий пожарно-тактических учений НПОЖ-12 станции Уральск «Тушение пожара в полосе отвода (степного пожара) с угрозой распространения на инфраструктуру станции Белес». Отряд Уральской негосударственной противопожарной службы успешно справился с заданием.

– Применяются различные виды защиты путей и инфраструктуры станций от огня в виде контролируемого отжига сухой травы, прокладки заградительных полос и канав, другие тактические способы и приемы, однако необходимо быть готовыми к любым проявлениям стихии, – пояснил начальник Уральского отряда противопожарной службы Серик Кусаинов.

Тушение условного пожара при сильном задымлении проводилось силами личного состава пожарного поезда станции Уральск. Основной состав боевого расчета – 4 человека, дополнительно привлечены силы ПП Уральск (6 человек). К месту вызова прибыли также ДПФ станции Белес в количестве 8 человек и трактор МТЗ-80 ПЧЛ. Таким образом, были отработаны действия работников всех причастных предприятий филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Актобинское отделение магистральной сети» и филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» по Уральскому региону.

В ходе учения отработаны навыки оценки обстановки по внешним признакам, ведению разведки для определения решающего направления, организации встречи и расстановки сил, применения прямого метода тушения возгорания по кромке пожара путем захлестывания пламени хлопушками, с применением ранцевых лесных огнетушителей, прокладки рукавной линии, тактики пожаротушения, а также действия личного состава пожарного поезда в выполнении боевой работы с лесоостепными пожарами.

Помимо этого прошло пожарно-тактическое учение с ДПФ станции Белес «Тушение пожаров в зданиях постов ЭЦ (ДЦ, ГАЦ)».

По сценарию, пожар возник в одной из комнат первого этажа здания поста ЭЦ станции Белес от оставленного включенным в электросеть нагревательного прибора. Огонь распространяется по мебели и имуществу, находящемуся в комнате. Возникло сильное задымление, огонь и продукты горения распространяются в коридор здания, возникла реальная угроза жизни работников поста ЭЦ. Сработал датчик пожарной сигнализации, сигнал о его срабатывании поступил на приемный пульт приемной станции автоматической пожарной сигнализации, находящейся в помещении дежурного по станции.

Благодаря слаженным грамотным действиям персонала и пожарных условное ЧС было ликвидировано в течение 45 минут. Приняли участие 10 человек личного состава пожарного поезда станции Уральск и 11 работников железнодорожного транспорта причастных предприятий. Цели учений достигнуты.

*Фото автора*

№41 (2649) 08/06/2021



# ҰЛЫ ТҰЛҒА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

**М.Тынышпаев атындағы Ақмола көлік колледжінде өткен дөңгелек үстел алаш зиялысы, тұңғыш теміржолшы-инженер Мұхаметжан Тынышпаевтың өмірі мен қайраткерлігіне арналды.**

**Даниял ХАМИТ,**
Нұр-Сұлтан

Шараның арнайы қонағы ретінде Тынышпаевтың артында қалған ұрпақтары, ұлы Дәулет Шейх Али мен жиен немересі Нұршакен Жүнісқызы шақырылып, теміржолшылар мен ардагерлер, оқу орнының ұстаздары мен студенттер қатысты.

Колледж директоры Амангелді Молғаждаров бүгінгі шараның мән-маңызына тоқталды. «Мақсат – М.Тынышпаев ұрпақтарымен байланыс орнатып, білім ордасы атын иеленіп отырған ұлт зиялысының өмірі мен қызметі жайлы деректерге қанығып, мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілген тұлғаның ұлтқа сіңірген еңбегін насихаттау арқылы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу» деді колледж басшысы. «Ұлы бардың – өзі бар» демекші, алты алашқа белгілі азаматтың артында лайықты ізбасары, мұрагері бар екеніне де тоқталып, көпшілікке техника ғылымдарының докторы дәрежесіне жеткен мұнай-газ саласының инженері Дәулет Мұхаметжанұлын таныстырды.

Келесі сөз кезегін алған құрметті қонақ сталиндік қанды қасаптың құрбаны болған тұлғаның күреске толы азапты тағдыры жайлы әңгімелеп берді. «Әкем жобалаушылардың бірі болған Түрксіб құрылысы аяқталған соң тұтқынға алынады, мен ол кезде анамның құрсағында болған екенмін, Воронежге жер аударылып, Донецк-Москва теміржолын салуға қатысқан әкемнің артынан анам екеуміз барып, сонда тұрғанымыз бала болсам да еміс-еміс есімде» деп естелік айтты биыл тоқсанға толған Дәулет Шейх Әли.

Дөңгелек үстелде сөз алған теміржолшы ардагерлер – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Консультативтік кеңес мүшесі Бақтарбек Жүнісов, Әмірхан Төреханов бүгінгі кездесуді ұйымдастырып отырған колледж басшылығына алғыс айтып, теміржол көлігінің кешегі-бүгінгі қызметі, өзгерістер, ұрпақтар сабақтастығы туралы сөз қозғады.

Жиын соңында оған қатысушылар М.Тынышпаевтың ескерткіш тақтасына гүл шоғын қойып, рухына құрмет көрсетті.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ОСОЗНАННЫЙ ВЫБОР




**Тысячи железнодорожников уже получили прививку от коронавируса. Вакцинация идет полным ходом и среди сотрудников АО «KTZ Express».**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

Работники KTZ Express добровольно получают вакцину и призывают всех последовать их примеру. Таким образом, они стремятся внести свой вклад в успешную борьбу с пандемией, поскольку представляют самого большого работодателя в стране.

– По рекомендациям ВОЗ для прекращения распространения covid-19, а также для формирования коллективного иммунитета необходимо вакцинировать до 65-70% населения или сотрудников от общего количества коллектива. И нам всем нужно объединиться, чтобы победить в этой борьбе. Окончательно покончить с вирусом можно только с помощью вакцинации. Я привился вакциной «Спутник V», получил паспорт вакцинации, чувствую себя хорошо, – говорит директор департамента организации ремонта и технической политики АО «KTZ Express» Серик Толебаев.



При этом, компания активно проводит вакцинацию своих работников совместно с ТОО «Медикер», сотрудниками которого ведется разъяснительная работа о необходимости и важности получения вакцины. Перед прививкой работника врач-терапевт проводит осмотр на месте и определяет возможность получения вакцины.

*Фото автора*

## СПОРТ

# ГЛАВНОЕ БОГАТСТВО

**Ежедневно сотрудники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» имеют возможность выполнять занятия по дыхательной и производственной гимнастике.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Об этом сообщил инструктор по спорту Тагат Айманбетов.

– Разработанный нами мини-комплекс упражнений особенно актуален сейчас. Ни для кого не секрет, что многие сотрудники переболели коронавирусной инфекцией и нуждаются в восстановлении легких, зарядка важна и в профилактических целях, – говорит он. – Дыхательная гимнастика проводится в утреннее время продолжительностью 20 минут, а производственная гимнастика – в обеденное время. Если кто-то из работников находится на совещании и не имеет возможности сделать зарядку в назначенные часы, то он может сделать это позже, то есть в свободное время. Все упражнения записаны на видео, и это большой плюс.

По его словам, физкультминутки в офисе способствуют снятию усталости и напряжения. Прежде всего, они направлены на укрепление здоровья. Сегодня многие страдают головными болями, остеохондрозом, избыточным весом и, конечно же, самым распространенным недугом – ухудшением осанки. Между тем подобные совместные мероприятия способствуют коллективной сплоченности, укреплению корпоративного духа и позитивного настроя.

В отделении активно ведется пропаганда здорового образа жизни. Большинство работников занимается спортом и показывает при этом неплохие результаты.

# НА ПОЛЕ – ЮНЫЕ ФУТБОЛИСТЫ

**На станции Кушмурун прошел ежегодный турнир по мини-футболу среди детских дворовых команд.**



**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

В спортивном мероприятии приняли участие 7 команд, в составе которых – дети работников стальной магистрали 2005 года рождения и младше.

– У нашего турнира многолетняя история. Он проводится с 1992 года и посвящен памяти председателя профсоюза бывшего Кушмурунского локомотивного депо ТЧЭ-10 Бориса Олещенко. Борис Иванович – первый тренер по тяжелой атлетике в Кушмуруне, открыл секцию для детей, его ученики стали мастерами спорта, призерами соревнований высокого уровня, – рассказал методист по спорту на станции Кушмурун Костанайского филиала Казпрофтранс Шарани Ахтаханов.

Турнир по мини-футболу среди детских дворовых команд стал ежегодным с 2018 года и в следующем году отметит первый юбилей. Его спонсором является сын Бориса Олещенко. Помогает в подготовке и профсоюз Костанайского отделения ГП. Недавно он закупил и передал мячи для тренировок.

Борьба за переходящий кубок стартовала с группового этапа, затем прошли полуфиналы и игра за 1-2-е места. Лучшей по итогам турнира по мини-футболу стала команда «Рахат». К слову, ранее она заняла четвертое место на областных соревнованиях в селе Боровское Костанайской области. «Серебро» турнира получила сборная борцов, а третье место заняла команда «Анкар». В шаге от них остановились самые юные участники – футболисты 2011 года рождения.

– Дети собрали свои команды, у них появился стимул тренироваться, проявить себя и добиваться побед. Поначалу мы играли в футбол на школьном хоккейном корте по земле, в 2019 году Самрук-Қазына построил детскую площалку и поле с футбольным покрытием, где теперь проходят тренировки и соревнования детей и взрослых, – поделился Шарани Ахтаханов. – Многие из наших воспитанников добились успехов на республиканском уровне. Например, Георгий Чеховский стал арбитром Высшей лиги Казахстана, еще один наш футболист судит республиканские детские соревнования, пятеро мальчишек занимаются в системе ФК «Тобол», один – в системе ФК «Кайрат» в Алматы. Скоро повезу на профосмотр в ФК «Тобол» еще одного талантливого юного футболиста из Кушмуруна.

Сам Шарани Ахтаханов всю жизнь посвятил спорту и железной дороге. До приглашения на должность инструктора по спорту 20 лет проработал энергетиком в Кушмурунской дистанции электроснабжения. Он неоднократный призер отраслевых соревнований и спратакиад, до пандемии коронавируса его команда три года подряд становилась лучшей в лыжах и футболе на снегу на Спартакиаде ҚТЖ.

Он скромно умалчивает о своих заслугах, считая их профессиональной обязанностью, но именно благодаря Шарани Ахтаханову в Кушмуруне сохранился детский футбол.

Сейчас, соскучившись по играм из-за ограничений в связи с пандемией, ребята каждый день приходят на поле.

*Фото автора*

# ФОРМИРУЕМ ИММУНИТЕТ

COVID-19

**Вакцинация против covid-19 на железнодорожных предприятиях Западно-Казахстанской области идет полным ходом. Лидирует коллектив Уральского вокзала, где количество получивших оба компонента вакцины «Спутник V» составило 99% общей численности.**

**Анна ПАНИЩЕВА,**
Уральск



Недели не прошло, как Западно-Казахстанская область вышла из «красной зоны» по covid-19, однако картина остается напряженной – 90-100 случаев заражения в сутки. Если в январе зарегистрировано 28 смертельных случаев от коронавируса, то в апреле 42, а в мае уже 47. К сожалению, несмотря на строгое соблюдение всех санитарных норм, часть железнодорожников заразились опасным вирусом, были и летальные случаи.

Массовая вакцинация в Приуралье началась в марте 2021 года, с начала кампании в регионе привито первым компонентом вакцины 67 302 человека, в среднем по ЗКО полный курс вакцинации прошли лишь 8,3% взрослого населения. На сегодняшний день дефицита вакцины нет, открыты дополнительные прививочные пункты.

Железнодорожники Уральского региона к вакцинации подошли ответственно. В большинстве из них прививки двумя компонентами получили от 10 до 20% персонала. Лидером стал коллектив Уральского железнодорожного вокзала, где без прививки остались лишь 2 работника, имеющих медотвод по состоянию здоровья. Вакцинация проходила организованно, осложнений ни у одного работника не наблюдалось.

Начальник вокзала Кайырбулат Гайнеден поздравил свой коллектив с получением защиты от опасного вируса.

– Мы вплотную работаем с населением. Благодарю каждого сотрудника, который, учитывая всю сложность обстановки в стране и мире, осознавая личную ответственность перед окружающими, сделал первый шаг к формированию коллективного иммунитета. – сказал он.

*Фото автора*

# ТЕМІРЖОЛШЫ ЖАЙЛЫ КІТАП

МЕРЕЙ

**Бүкіл саналы ғұмырын Сыр елі теміржолының өркендеуіне арнаған құрметті теміржолшы Қазбек Рахметовтің өнегелі өміріне арналған «Жүректің жарық сәулесі» атты ғұмырнамалық естелік кітап жарыққа шықты.**




**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Кітаптың тұсаукесері мен абзал азаматтың жылдық асы облыстың орталық Ақмешіт-Сырдария мешітінде өткізілді. Басқосуға аймақ теміржолшылары ардагерлер кеңесінің төрағасы Сисенбі Шермаханов бастаған кеңес мүшелері, Қазекеңнің замандастары мен шәкірттері жиналып, майталман теміржолшының ұлағатты жолын болашақ ұрпаққа насихаттау жолында естеліктер айтты. Кітапта Қазбек Рахметов жайлы замандастарының жылы естелігі топтастырылған.

Қазбек Рахметовтің шәкірті болған, бүгінде Қызылорда жол дистанциясының кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева кітаптың аймақ теміржолының даму сатысын үйренгісі келетін жастарға берер пайдасы мол екендігін білдірді.

– Қазбек ағамен Қызылорда жол дистанциясының кәсіподақ ұйымында бірге жұмыс жасадым. Ол кісі кез келген мәселенің оңай әрі тиімді жолмен шешілуін іздестіріп, екі тарапты да разы етіп таркату жолын таба білетін білікті де тәжірибелі теміржолшы болды, – деді ол.

Зайыбы Дәрігүлмен 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген Қазбек Рахметов немере-шөберелерінің сүйікті атасы болды.

*Суретті түсірген автор*

# «ТОҚТА, КОРОНАВИРУС!»:
## ІНДЕТ – БАЛАЛАР КӨЗІМЕН




БАЙҚАУ

**Балаларды қорғау мерекесіне орай Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясы теміржолшыларының балалары арасында «Тоқта, коронавирус!» атты сурет байқауы өткізілді.**

**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Шымкент

Байқауға 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар қатысты. Қазылар алқасы байқауға ұсынылған суреттерге қарап отырып, олардың COVID-19 тақырыбын жақсы меңгеріп қалғандығын байқады. Пандемияның салдары кішкентай бүлдіршіндердің де жүрегіне қатты әсер етіпті. Олар жер-ананың, ғаламшардың бұл індеттен тазаруын қалайды. Бәрінің көңілі кіршіксіз таза, әлемді шарпыған індет тезірек тоқтап, қалыпты өмірге келсек деген құлшыныс жатыр.

Айта кетейік, байқау онлайн түрде ұйымдастырылды. Себебі, аймақта карантин шектеулері әлі толық алынбаған. Байқау қорытындысы әлі анықталған жоқ.

Сондай-ақ Шымкент филиалы кәсіподақ комитеті мерекеге орай, Шымкент жүк тасымалы бөлімшесіндегі мүгедек бала тәрбиелеп отырған теміржолшылар отбасына қаржылай көмек жасады.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
**Кезекші редакторлар:**
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.